


Мәриям  
ХАКИМЖАНОВА



Шығармалары









«Ана тілі»  
баспасы  
ЖШС  
2006



Мәриям  
ХАКІМЖАНОВА

Шығармалары

1

«Ана тілі»  
баспасы  
2006

ББК 84 Қаз 7  
Х—16

*Қазақстан Республикасы Мәдениет және  
ақпарат министрлігі  
Ақпарат және мұрагат комитетінің бағдарламасы  
бойынша шығарылды*

**Құрастырып, алғы сөзін жазған  
Магира Қожахметова**

**X—16 Хакімжанова Мәриям. “Шығармалары” (I-том)**  
Алматы: “Ана тілі” баспасы, 2006 — 328 бет.

ISBN 9965-670-46-3-(T.I)

Қазақстанның халық жазушысы Мәриям Хакімжанова (1906-1995) XX ғасырдағы әдебиет пен мәдениетіміздің белгілі қайраткері. Омірден жастай өткен талантты Шолпан Иманбаевадан кейін отызыншы бойы поэзияда қыздардың жалғыз өкілі бол, соңғы отыз жылда талтай ақын қыздарды тәрбиелеп шығарды.

Б. Майлин, С. Сейфуллин, І. Жансүтіров және басқа да алыптардың шапағатына болене жүріп, өлең әлеміндегі өз жолын айқындағы. Тұгастай бір ғасырдың қуанышын да, қайғысын да басынан откізіп, өз заманының мұддесін, мұн-мұқтажын жырлады. Халық аудың әдебиеті мен Ұлы Отан соғысына аттанған жауынгер ақындардың мұрасын сақтауға өлшеусіз үлес косты. Тұңғыш рет топтастырылып жарық көргелі отырған үш томдық шығармалар жинағының бірінші кітабына ақынның отызыншы жылдардан бастап жазған олеңдері берілді. Бұрын еш жерде жарияланбаған дүниелері де түнгыш рет ұсынылып отыр.

X  $\frac{4702250200}{415(05)-06}$  06

ISBN 9965-670-46-3-(T.I)

ББК 84 Қаз 7

© Хакімжанова М., 2006  
© “Ана тілі” баспасы ЖШС, 2006

## “МЕН — ҚАЗАҚ ҚЫЗЫ АСҚАҚ ҮНДІ”

Қарама-қайшылыққа, түрлі қақтығысқа толы XX ғасырдың қазақ ақын, жазушыларына қойған талап-тілегі аса күрделі еді. Бұл кезеңде тірлік кешкен өнер иелерінің алдында тұрған міндеттің небір қитурқы астарын түсіну өте қын болатын. Қиуы қаша бастаған қоғамның құлақ кесті құлдарына айналуга мәжбүр талантты жандардың тағдыры да сан алуан ағымда қалыптасты. Көрнекті ақын Мәриям Хакімжанованың шығармашылық жолы да өзі өмір сүрген уақыттың сыр-сипатымен тікелей өзектес. 1906 жылдың қараша айында Қостанай облысында туған қыз төрт ұлдың ортасында ерке өскенімен тіршіліктің тауқыметін тым жастайынан татты. Атақты Балғожа бидің шөпшегі, Ыбырай Алтынсаринге немере туыс боп келетін Мәриям кішкентай кезінен елгезек, зеректігімен көзге түсіп, сауатын ерте ашты. Соның арқасында елге сыйлы болды, ауылдың игі жақсылары оны хисса, жыр оқытуға кезектесіп шақыратын. Қатарластарының оғаш қылық, мінезіне дереу өлең шығара қоятын. Бұған өзі де пәлендей мөн бермейтін. Алайда халық ауыз әдебиетінің, әпостық жыр, ертегілердің болашак ақын көзқарасының қалыптасуына ықпал еткені анық.

Саналы ғұмырында бар деп тасымаған, жоқ деп жасымаған ақын нендей қындық кешсе де тәубесінен жаңылған емес. “*Бақыт деген бар ма еken жер бетінде, жаратты еken жекелеп оны кімге*” деп сауда қойғанымен, “*бақыт-байлық мен үшін осы өлеңім, өмір-жасың үзақ бол, артымда қал!* *Керегі жеке бақыттың өзіме дәл, маған деген бақ болса боліт-ак ал*” деп, өлеңнен өзгеге пәлендей мөн бермейтінің байқатады. Мұның астарында терен сыр жасырынған, өлең Мәриям үшін бәрі: тірегі, саясы, пана-сы. Десек те алды-артынан ұдайы тықсырып отырған кедергілер ішкі бұлқынысын тежеп, қанатын кең жаюға тиісті мүмкіндігін тұншықтыра бергені және рас. Өнбойынан тогілер сабыр, төзім өлеңіне де тән. Ақынмын, асқақпын деп ешқашан атақ қумады, көзі тірісінде екінің бірі шығарып жат-қан көп томдық жинағын да бастыра алмады. Сексенге жақындағанда жазған мына бір лебізіне дең қояйықшы: “*Менің өмірбаяным оздерінізге белгілі*

гой. Кетіктің бәрін де қолдан жасап жетілдіріп отырған жаңмын.

Жас өмірім бақытсыздықпен отті. 21 жасымда өлідей жесір қалдым. 31 жасымда (1937) тірідей жесір қалдым. Жолдасымның екі баласын, 11 жасар інісін, ағамның бұрынғы әйелінен қалған екі баласын, майданнан жараланып келіп, қолымда қайткан қайынінімнің екі баласын (ұзын саны 7 баланы) бағын-қағып өсірдім. 5-не жоғары білім бердім, 2-не орта білім бердім. Қазірде бәрі ақар-шақар семья құрып, кол қанатым болып отыр.

Мен көп жаздым деп мақтана алмаймын. Небәрі үш томдық еңбегім бар. Өлеңдерім, поэмаларым, естеліктерім, макалаларым және очерктерім. Қозімнің тірісінде осылар бір жерге жиналып қалсын деген ойым бар...

89-ға келіп қайтыс болған Қазақстанның халық жазушысы бәрібір жазып-сызғаның көзі тірісінде топтастырып үлгерmedі. Есін білгеннен ел-жүртқа қомектесіп, кеңестік жүйенің куғын-сұргініне ұшырағанымен, бәрін-бәрін қайыспай көтерген ақын апамыздың соңғы отініші енді ғана жүзеге асқалы тұр.

Өз замандастарында Мәриям Хакімжанова да коммунистік партияны, октябрьді, Ленинді жырлады. Бұл тақырыпты оның шығармашылығынан алып тастау он-бойдағы қан тамырларын шорт кесумен тен түсер еді. Сондықтан ақынның уақыт сұранысына сай сокқан жүрек лұпілін бүгінгі оқырмандардың дұрыс кабылдауын отінеміз. “Өмірімнің күніндей, жырымды арнай беремін” деп, “Лениннің туы астынан бақыт” көрген ақынның ор жылдары “Ұлы косемге”, мавзолей, Кремль, партияға арналған жазған өлеңдерін де жинаққа енгізуге үйғардық. Өйткені партия, коммунистік, социалистік идея сол дәүірде өмір сұрген кез-келген қайраткердің сүйікті тақырыбына айналғанын естен шығармағанымыз жон.

Ақынның үш томдық шығармалар жинағына жарияланбаған дүниелері де енді. Жеке мұрағатынан алынған әзіл айтыс, арнау, жоктаулары тұнғыш рет ұсынылып отыр. Өзегін өртеген өкініш, зарын ұдайы тежеуге тырысқанымен сарғайған сағыныш, қайғы-касірет ішкі тебіренісі арқылы жүрегін аһ ұрғыза сыртқа лықсиды. Еш боямасыз актарылған мұндай жырлар кім-кімнің де көкейіне дөп қонағыны созсіз. Ұлт жанашыры, белгілі қоғам қайраткері Илияс Омаровты, көрнекті ғалым Жамал Қанұлышбаеваны, бауыры Жақияны, сондай-ақ келін, карындас,

т.б. атынан жазылған жоқтау үлгілерін толқымай оку мүмкін емес. “Жалғызың үшін жсан атам, таршылықтың көрдің талайын. Қара ормандай қамкорым, қалғандай қаусап маңайым”, “Деп, тілеп ем күн-тұні, тілегім кетті далаға. Табылмады-ау бір шипа, кеудене түскен жасаға, “Неге маған қатал болды бұл тағдыр, қындықтың арқаладым қандайын, неге менен арылмайды қайғы, дерт, тағы тиді-ау қара масқа маңайым...” – деген жолдары осының айғағы. Кезінде жарық көрмегенімен жүргегін жарып шыққан жұбату, көңіл айтту, жоқтау жырлары ақын шығармашылығының көпшілікке белгісіз және бір қыры.

Мөриям Хакімжанованың қолтаңбасы ана, бала тақырыбына ойысқанда, алабөтен ширығып шыға келеді. “Бөбегім.. ба-лапаным.. балдығаным...” деп өмірбаки жырлап өткен ақынның туған елінің үл-қызын, немере, шөберелерін суреттеген топтамасы автордың мерейін өсіре түскендей. Үрпақ дегенде оның құшагы да кен, көнілі де шат: — *Құлыным деп баурыма қысам сүйіп, ағылады өлең-жыр кеудем іп.* “Әжетайым” деп келіп құшактасаң, куанамын, түргандай төбем қөкке тиіп.”

Шығармалар жинағындағы арнау өлеңдер үстірт караганда жеңілдеу көрінуі мүмкін. Бұл алдамшы өсерғана. Үңіліп оқи бастасаң, әрқайсысының астарында бір-бір тағдыр, қоғам мен уақыттың нақты суреті. “Серпіліп кенет ана кетті шалқып, он саусак жорғалайды шекте қалқып”, “Сайра-сайра, тағы да, бал тамызған таңдайың”, “Құс қонбаған жасанға, сен едің барып жсан берген”, “Қазақтың қалаулысы ақын Шолтан, өмірден өлең болды алған қолқаң”, “Қазағымның тұңғыш қызы тұлымды, қиялында қыл қаламдар қалқиды”, “Айманқұл — ақын ана көзім көрген, күмбірлеміп көмейінен өлең өрген” деген шумақтардан қазақтың небір жақсы, жайсаңы туралы мағлұмат аласын. Өзін қоршаған орта, замандастарын асқан ыждаһаттықпен шабыттана жырға қосқан. Көңіл күйдің лып етпе көріністерінен ғөрі адамгершілікті, әділдікті өспеттеу басым.

Ақын олеңдерінен өмір жолын анық айқындаісың. Тірлік кешкен жылдарының, құрбы-құрдастарының, ірлі-ұсақты оқиғалардың, өмірі асқан саясаттың іздері шығармаларында сайрап жатыр. Сондықтан да бүгінгі оқырманға кейбір тіркес, терминдердің оғаштау көрінуі өбден ықтимал. Күн көсемге та-быну, партияны, билікті мадақтау төрізді жәйттер сол кезеңнің ажырамас әдетіне айналғанын тағы да еске саламыз.

Халқымыздың ірі тұлғалары туралы естелік, мақалалары — Мәриям Хакімжанованың артына қалдырган баға жетпес мұрасының бірі. Жамбыл, Мұрын жырау, Илияс, Бейімбет, Мұқан Төлебаев, Мәншүк, Сәбит Мұқанов, Қасым Аманжолов және басқалар жөнінде жазған деректі дүниелерін қалық оқырман жылы қабылдайды деп сенеміз. Әріптес іні, сіңлілерінің кітаптарын талдаپ зерттеген мақала, очерктері де автордың ұзак жылғы ізденісінің бір саласы. Қолжазбаларының арасынан солардың кейбірін ғана іріктеп алдық.

Биыл жүзге толатын Қазақстанның халық жазушысы Мәриям Хакімжанованың үш томдық шығармалар жинағын өзі жоспарлағандай етіп дайындауга тырыстық. Ақынның өлеңін — өмірі десек те болады. “Мен қазақтың қызымын асқақ үнді, өлеңдетіп қарсы алам шыққан күнді” деп жырлап өткен Мәриям анамыздың шығармалары тұтастай бір ғасырдың жинақталған шағын мазмұны. Әдебиет тарихында өз орны, өз жөні бар М. Хакімжанованы кезінде Қайнекей Жармағамбетов “ақын қыздардың таланттысы да, табандысы да болғанын” айтса, Сыrbай Мәуленов “Мәриям қандай затты жырламасын өз түрғысЫнан, өз ойының тебіренісінен, өз бояуының өрнегімен өзінше айтады. Мәриям поэтикасының лиризмі мөлдір, философиясы терең. Ширап, шымыр тартқан шеберлік, құнарлы тіл, шынайы сезім, алғыр ой, аналық көкірек, жомарт жүрек Мәриям поэзиясын бел-белестерден асырып, биқтете береді. Мәриям Хакімжанованың өлеңдерінде сезім мен ой қабысады. Жыр интонациясында қазақтың халық өлеңдеріне жақындал қалатын өуендейлік сарыны жатады”, ал Кеңшілік Мырзабеков “Әлди-жырсыз, Ана жырсыз, Мәке — сіз” деп тебіренді. Мәриям апамызға арналған өлең, естеліктердің өзі бір том болар еді. “Тұлпардың тұяғы сен жарқылдаған, жарыста ұзай шапқан алқынбаған” деп әріптес сіңлісі Сара Мыңжасарова жырлағандай, ададықтың ақ туын желбіретіп өткен ақын апамыз өзінің шығармаларымен, өмір — өлеңімен әрқашан тұған халқының ортасында, үрпағының жадында.

*Ішінara бұрын жарияланбаған өлеңдер де кірген бұл қайта басылымды баспаға дайындан, құрастыру барысында өшлиеусіз көмек көрсеткен ақынның келіні Әмина Сәбитқызына алғысымызды білдіреміз.*

М. Қожахметова,  
жазушы.

## ТОЙДАН

Сайраған музыка,  
Жайнады Қызыл Ту.  
Қуанышты бәрі шат,  
Жиналған қалың ну.

Қағылған суреттер,  
Жазылған ұрандар.  
Той бастап жастар жүр,  
Бишілер бүрандар.

Отырған өйелдер,  
Сән түзеп қаз-қатар.  
Кемпір де қалған жок,  
Шашының ағы бар.

— “Қатарға кіріп жүр,  
Қызықты көріп жүр”, —  
Дейді олар мұндастып:  
“Жастардың бағы бар!”

Сөйледі шешендер,  
Қасқайып, сампылдал.  
Көреген көсемдер,  
Дауысы санқылдал.

“Паранжы” жамылып,  
Тұншығып қамығып.  
Кешегі күң едік,  
Бетті аштық жарқылдал.

Кеңестің тұсында,  
Бұлбұлдай сайрадық,  
Жазы мен қысында,  
Еңбекпен қайнадық.

Жауменен қүресіп,  
Бел шешпей тіресіп,  
Тунекті талқандап,  
Жарықта жайнадық.

Аластап байларды,  
Қаладан айдадық,  
Көрікті жайларды,  
Бөбектерге сайладық.

Балабакша ашылды,  
Жыр-شاшу шашылды.  
Бал тандай балдырған,  
Салуда асырды.

Тап жауын жеңеміз,  
Қыындыққа көнеміз.  
Өсе бер, жас өрен,  
Келешекке сенеміз.

1930

## ҚЫЛЖАҚТЫҒЫН ҚОЙМАҒАН

Біздін ауылдан үш шақырым жерде “Қараңлік” деп атала-тын ауыл бар еді. Сол ауылда Иманбаев Сағидолла деген, бізге ағайындас ел азаматы болған. Ол кісінің Қанымжан, Жаниса деген екі қарындасты болды.

Бір күндері ұлкендер Қанымжанның ұзатылған тойына кетті. Кешкі ойын кешіне жастар жиналдық. Сол күнгі ойынға менің болашақ күйеуім де жолдастарымен келіп, отау үйге түскенін естідім.

Той болған ауылдың салты — ойын басталарда бір жігіт — бір қыздан араластырып отырғызады. Менің қасыма Дегенбай деген жасамыс әнші жігітті әкеп отырғызды. Ол кезде менің 14 жастағы кезім еді.

Дегенбайдың руы Жарбасты. Менің баратын елім Кішік деп аталады. Құттық, Кішік, Жарбасты үшеуі бірге туған. Сол үш атамыз үш рұлы ел болып алды-алдына тарағанда, нәсіл-нәсібіміз бір-бірінен қыз алмасын, туысқандық, қанымызға, аталарамызызға кір келтірмесін деп анттасқан деген аңыз бар.

Дегенбай той бастап, үш ауыз өлең айтып, домбыраны маған ұсынды. Мен домбыраны ұстап отырып, үш ауыз өленді жанымнан шығарып былай дедім:

Қасыма келді қайнағам,  
Қыз қызығына тоймаған.  
Қырықпа сақал, қырымпоз,  
Қылжактығын қоймаған.

Құттық, Кішік, Жарбасты,  
Бір атаның баласы.  
Қайнағам менің алмасты,  
Ойланып өзің қараши!!!

Інісі отыр ана үйде,  
Шақырындар келсінші!  
Әнші ағаның әдебін,  
Өз көзімен көрсінші!

дегенімде “Қайнағам” орнынан атып тұрып, жолда отырғандарды баса көктеп шыға жөнелді.

1930

## ТӨЛБАЛА

Ат мінген белін буып, жеңін түрген,  
Белсене күшті жігер төгіп жүрген.  
Төлбала келе жатқан топты бастап,  
Қырық-елу әйелі бар соңына ерген.

Басында бәрінің де қызыл жаулық,  
Айтқаны әзіл-оспақ, қызық-сауық.  
Өлеңдетіп, әндетіп келді жетіп,  
Жатыр еді колхозшылар егін шауып.

Келді де аттарынан түсе қалды,  
Жабыла бір-бір қапты қолына алды.  
Масағын шапқан жердің қалдырмastaн,  
Бір-бірлеп құстай теріп қапқа салды.

Қаптарын толтырды да төге берді,  
Төккені төбе болды, көзім көрді.  
Керенау жалқаулық жоқ, жарқын жүздер,  
Жұмыла жұмсал жатыр күш-жігерді.

Екі әйел көк арбаға жеккен өгіз,  
Терген дән түспесін деп салған киіз.  
Қырманға тасып жатыр тау-тау қылыш,  
Көргендер таң қаларлық қызық жұмыс.

Оншақты әйел отыр қапты жамап,  
Үш әйел сабылып жур іздең тамақ.  
Жұмыста жүрген әйел балаларын,  
Екі әйел ортасынан отыр қарап.

Төлбала бәрін бастап, төстеп жүрген,  
Отты жігер иесі, еңбегі өнген.  
Колхозға екі күнде жұз пүт астық,  
Әйелдер құйып шықты масақ терген.

Таң қалдық мұны көріп тамашалап,  
Жігерлі еңбек, қайнаған қарқын, талап.  
“Төрт жылда, орындауға бесжылдықты”,  
Міндettі еңбекші әйел, сертіне алад.

Қайнасын бесжылдықта қайрат, құшін!  
Жұмсалсын бар жігерің еңбек үшін!  
Мінеки, Төлбаладан үлгі алындар,  
Санынан сапасы артық болсын ісін.

Он жасқа толғалы түр Қазақстан,  
Естіледі той дүбірі әрбір тұстан.  
Еңсесі Алатаудың биіктейді,  
Күн күліп қарағанда күншығыстан!

1930

## ЖОЛДАН

Жол-жөнекей, —  
Лек-лек керуен,  
Қызыл тулы қарасам.  
Оқығанда ұрандарын,  
Көз сүрініп адасам.

Ат-арбага, түйе, өгізге,  
Артқан астық саны жоқ.  
Айтып ауыз, көріп көз,  
Жете алмадым санасам.

Сол топ керуен арасында,  
Бір топ әйел көрінді.  
Айтқаны өлең, салғаны ән,  
Куанышты, көңілді.

Өз алдына әйелдер,  
Жеке керуен жүргізген,  
Еселеңіп қүш-жігер,  
Іскерлігін білгізген.

Сол керуенді бастап келет,  
Иманбектің әйелі.  
Көкте жұзеді ай дөңгелеп,  
Салқын самал тау лебі.

Ән салады аңыратып,  
Тұнгі сағат он кезі.  
Тауды, тасты маужыратып,  
Тербел келеді бір өзі.

Тамылжыған сұлу әнді,  
Тұра қалып тындағық.  
Бұлбұл үнді, сөзі мәнді,  
Ән сазына бір қандық.

Біздің шашу дейді — міне:  
Ұлы тойға арнаған.  
Қарсы алдымда бақыт лебі,  
Нұрын төгіп жайнаған.

Күң емеспіз көріксіз,  
Азаматпыз ерікті.  
Бостандықты, тендікті,  
Ленин өзі беріпті.

Айтып ауыз, жетпес қиял,  
Он жылдағы табысқа.  
Табыс, намыс сөзге сиар,  
Түстік біз де жарысқа!

## ОТАНЫМ

Отаным менің СССР,  
Алуан ұлттан құралған.  
Төрт бүршынан дуниенің,  
Леппен тартып сыр алған.  
Қараңғы қалған халықты,  
Ақ алмастай суарған.  
Бәйтеректер гүл жарды,  
Тамыры кеуіп, қуарған.  
Отанымның қалалары,  
Отты жүрек, нүр алған.  
Отанымның далалары,  
Дән мен кеңнен түр алған.  
Ол Отанның құрылсыын,  
Ол Отанның тұрмысын.  
Жан аямай қорғаймыз,  
Жарақтанып жау келсе.  
Дауылдатып дау келсе,  
Даурығушы болмаймыз.  
Ақылмен тұсап торлаймыз,  
Партиясын Лениннің.  
Саясатын елімнің,  
Бір ауыздан қолдаймыз!  
Жарысайық, кел, достар,  
Социализм жолында.  
Бесжылдықтың міндетін,  
Бір кісідей орында.  
Еңбекші әйел ерінбе,  
Сен женесің, тегінде,  
Корықта, тайма, қорынба!

1932

## МАЙФА

Майдың күні, —  
Майдан күні,  
Майдан күшін сыйнайтын.  
Майдың үні,  
Майдан үні,  
Майданда жау жылайтын.  
Майдың ері, —  
Майдан ері,  
Мәңгі бойы талмайтын.

Күшіне — күш,  
 Ісіне — іс,  
 Екпінге — екпін қарайтын.  
 Майда екпін,  
 Майданда екпін,  
 Екпіндеген  
 С С С Р  
 Екпін күшпен,  
 Екпінді істен,  
 Туды тулап жаңа жыр.

Ел де жаңа,  
 Жер де жаңа,  
 Жаңаланған еңбекші ел.  
 Елді, жерді, —  
 Өндірісті,  
 Жаңалаған миллионер.

Майда жарыс,  
 Майдан жарыс,  
 Майдан тасқан көп табыс.  
 Табыс тапқан,  
 Тасқындалтқан,  
 Мың-миллион көп жарыс.

Майда — ұран,  
 Майданда — ұран,  
 Ұрандаған пролетар.  
 Қалт-құлт еткен,  
 Кейін кеткен,  
 Дағдарыстан капитал.

Майдың туы, —  
 Майдан туы,  
 Құрыш қолда тұратын.  
 Майдағы алып,  
 Майданда алып,  
 Социализм құратын.

1932.

## ЕГІСТЕГІ ЕКПІНДІ МАРЖАН

Біздің Маржан тұяғы болат,  
Тұлпар мінді ойнатып.  
Белді буып шықты егіске,  
Еңбек күшін қайнатып.  
Күші қайнап, егісті айдал,  
Маржан түсті майданға.

Майдан тулы,  
Майдан шулы,  
Майдан төрін жайнатып.

Біздің Маржан — біздің Маржан,  
Ол еңбектің анасы.  
Техникамен,  
Ердің-жердің,  
Көтерілді санаы.

Біздің Маржан тракторын,  
Қыс бойында баптаған.  
Қамын ойлап көктемнің,  
Жайбарапт жатпаған.  
Дейді көрген: “Міне сабаз,  
Көп тілегін ақтаған...”

Біздің Маржан ерте егістің,  
Ерте үйренген әдісін.  
Ерте айдал,  
Елге жайлап,  
Бермек өнген табысын.  
Біздің Маржан сары алтынды,  
Шашып жатыр сыйбанып.  
Қара бүйра, қара балшық,  
Түсіп жатыр туралып.  
Темір тісті,  
Ауыр күшті,  
Сансыз тырма майдалап.  
— “Биыл егіс, Болат тегіс”, —  
Дейді Маржан қуанып.

Біздің Маржан жаңа өмірдің,  
Жаңа шыққан ұстасы.  
Жаңа ұстаның қолында бар.  
Жаңа жоба-нұсқасы.

Біздің Маржан трактордың  
Тізгінімен алысты.

Сағат сайын.  
Минут сайын,  
Күшетеді шабысты.

Кесе тартқан қызыл жаулық,  
Шылқып еңбек теріне.  
Қайнап қайрат,  
Гүлдей жайнап,  
Берер емес намысты!?

1932.

**ТУЛА ЖҮРЕК**  
*(8-ши март күніне арналған)*

Тула-тула,  
Тула бұтін,  
Тула бұтін!  
Жүрегім!  
Тула, жарыл,  
Өмір бойы,  
Осы емес пе ед —  
Тілегің?!

Күні кеше,  
Күндік пенен —  
Қайғы орнына  
Қан толса, —  
Бесігіне,  
Бөлен бұтін  
Жүрегім!

Міне бұтін, —  
Жүрегімді,  
Тербетеді —  
Жібек жел.  
Жібек желдін  
Тербеуі мен,  
Жүрек сырын,  
Жырлап бер.

Тексеретін  
Терен қиял,  
Болмаса да,  
Білімің,  
Тонды емес  
Орамалды,  
Жолға деген,  
Сыйлай бер.  
Мың-миллион,  
Мың-миллион,  
Қызыл тулы  
Ерлерім.  
Еріксізден  
Өмір бойы,  
Езілу мен  
Еніредін...  
Сол өмірдің.  
Сор — өмірдің,  
Керегесін қиратып,  
Мың-миллион,  
Өндірістің,  
Құшағында  
Еңбегің.

Қайна-қайна,  
Қайна бүгін,  
Қайна жігер  
Тасқында!  
Тасқындасан  
Еңбек өнер,  
Еңбек туы,  
Астында.  
Ошак бұты,  
Оттың басы,  
Бөгемейді  
Колынды,  
Олай болса,  
Еңбекші әйел,  
Тұс майданға  
Жасқанба!

Жатпа – тұрма,  
 Жалқауланба,  
 Екпініңе  
 Екпін қос!  
 Бес жылдықтың  
 Екіншісі,  
 Тілейді сенен  
 Екпін, күш!  
 Тула-тула,  
 Тула бүгін,  
 Тула бүгін  
 Жүрегім.  
 Тасқындаған,  
 Тасты жарған,  
 Қайна бүгін  
 Жігерім.  
 Партия мен,  
 Үкіметтің,  
 Нұскауларың  
 Орындал.  
 Іс жүзінде,  
 Тап жауына.  
 Талмай жауап  
 Беремін!

1932

**БҮГІН***(Қызыл өскердің 15 жылдық мерекесіне)*

Бүгін неге,  
 Өлде неге,  
 Жүрек соғып,  
 Тулайды?  
 Бүгін неге  
 Өлем жүзі,  
 Шаттанады,  
 Шулайды?  
 Бүгін неге, —  
 Куанғандай,  
 Күлімдейді,  
 Алатай?

Бүтін неге, —  
Күрсінісп,  
Қайғыланды —  
Қалың жау?  
Бұл не жиын,  
Бұл не той —  
Қайыстырған  
Жер жүзін.  
Қызыл туы,  
Лек-лек болып,  
Қызартқандай  
Күн көзін,  
Қызыл тулы,  
Қызыл жұлдыз.  
Қызыл қыран —  
Арыстан.  
Қызыл қанды,  
Белден кешіп,  
Талай жаумен  
Алысқан.

Қарсы алысты  
Қалың топ,  
Тұс-тұсынан  
“Уралап.”  
Жаңғырықты  
Жер мен көк,  
Шартылдады  
Шапалақ,

Көк пен жерді,  
Тебірентіп,  
Музыка түр, —  
Сайраган.  
Қосылады  
Барабан,  
Марш күйін, —  
Ойнатып.

1933

## ЖЕҢЕШЕМ

Жеңешем елден тұнғыш келген,  
Тұнғыш топтың әскері.  
Топты жарған, ұлы майдан,  
Ұлы өндіріс іскері.

Көзде үшқын, қолда мандат,  
Жеңешеме қарашы.  
Тасты жарған, тасқын қайрат,  
Ұлы енбектің — анасы.

Кірді залға, қызыл нұрга,  
Құшақтасты, бөленді.  
Музыкалар — “Интернационал”,  
Күйін ойнап жөнелді.

Залдың іші толған кісі,  
Шымырлап теңіз қайнаған.  
Жаны жарқын, көрсөң түсі,  
Күш-жігерін қайраған.

Құттықтауға топты жарып,  
Шықты менің жеңешем.  
Кімнен кейін,  
Кімнен кем,  
“Аты әйел ғой” демесең...

Қасқыяды қаршығадай,  
Құс алатын қиядан.  
Қырағы көз, қарыс мандай,  
Тұлеп ұшқан ұядан.

Түйдектеген өткір сөзі,  
Асып түсіп өрлеген.  
Гүлдей жайнап қызыл жүзі,  
Мандайы шып-шып терлеген.

Өнімді табыс, ұлғілі іспен,  
Дайындалған съезге,  
Күшпен тапқан іс жемісін.  
Айтып берді съезде.

Мал баласын баласындаі,  
Мәпелеген өсірген.  
Емірене түсіп анасындаі,  
Еңбектің сүтін ішірген.